

**"Индустрія және инфрақұрылымдық даму саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 232 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2023 жылғы 15 қарашадағы № 76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 қарашада № 33660 болып тіркелді

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Индустрія және инфрақұрылымдық даму саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 232 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27872 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Көлік саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Индустрія және инфрақұрылымдық даму саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрінің міндеттін атқарушы

C. Аблалиев

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

2023 жылғы 15 қарашадагы

№ 76 Бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасының

Индустрия және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2022 жылғы 26 сәуірдегі

№ 232 бұйрығымен

бекітілген

## **Көлік саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Көлік саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және республикалық бюджеттен қаржыланатын зерттеулер жүргізудің, консалтингтік қызметтер көрсетудің және мемлекеттік тапсырманы орындаудың құнын айқындау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зерттеулер – аналитикалық тәсілдер негізінде экономиканың нақты сегментінде мемлекеттік саясатты іске асыруға және мемлекеттік міндеттерді шешу үшін ұсыныстар дайындауға бағытталған зерттеулер;

2) консалтингтік көрсетілетін қызметтер – көлік саласында қызметінің тиімділігін бағалауды әдіснамалық, талдамалық және ұйымдастыруышлық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) мемлекеттік тапсырма – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитетіне, "Астана Хаб" халықаралық

технологиялық паркіне, дербес білім беру үйымдарына және олардың үйымдарына, "Елбасы Академиясы" корпоративтік қорына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын, жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын және (немесе) әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталған;

4) орындаушы – көлік саласындағы зерттеу, консалтингтік көрсетілетін қызметтер және мемлекеттік тапсырма орындастын занды тұлға.

## **2-тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау тәртібі**

3. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау кезінде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес орындаушының көрсетілетін қызметтер құнының есебінде көрсетілген, негіздейтін құжаттармен расталған тікелей және жанама шығыстары ескеріледі.

4. Орындаушының тікелей шығындарына жүргізілетін зерттеулермен, көрсетілетін консалтингтік қызметтермен және орындалатын мемлекеттік тапсырмамен тікелей байланысты шығындар жатады.

Жанама шығындарға орындаушының тұластай қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, бірақ зерттеулер жүргізу, консалтингтік қызметтер көрсету және мемлекеттік тапсырма орындау үдерісінде тікелей қолданылмайтын шығындар жатады.

5. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Рбарлығы} = \text{Рт} + \text{Рж}$$

мұнда,

Рбарлығы – зерттеулер жүргізуге, консалтингтік қызметтер көрсетуге және мемлекеттік тапсырма орындауға арналған шығындар;

Рт – тікелей шығындар;

Рж – жанама шығындар.

## **3-тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындауға арналған шығындар түрлері**

6. Зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету және мемлекеттік тапсырманы орындау үшін бюджеттік өтінім қалыптастыруды шығындардың әрбір бабы негіздеме құжаттармен (орындаушының штаттық кестесі, есептер, шарттар көшірмесі, кемінде үш баға ұсыныстары) расталады.

7. Зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету және мемлекеттік тапсырманы орындау үшін қажетті тауарлардың құнын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталынан орташа баға пайдаланылады.

консалтингтік көрсетілетін  
қызметтердің және мемлекеттік  
тапсырманың құнын айқындау  
қағидаларына  
қосымша

## Көрсетілетін қызметтер құнының есебі

(көрсетілетін қызмет орындаушысының атауы)

20\_\_ жылға арналған (зерттеудің, консалтингтік көрсетілетін қызметтің, мемлекеттік тапсырманың атауы)

Бюджеттік бағдарламаның, бюджеттік кіші бағдарламаның атауы

Шығындар баптары	Қаржыландыру көлемі, мың теңге
Тікелей шығындар	
Еңбекақы төлеу қоры	0
зерттеуді тікелей жүргізетін, консалтингтік қызмет көрсететін, мемлекеттік тапсырманы орындастын персоналдың (штаттық және штаттан тыс) еңбегіне ақы төлеу	
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	0
Іссапар шығындары (зерттеуді тікелей жүргізетін, консалтингтік қызмет көрсететін, мемлекеттік тапсырманы орындастын қызметкерлердің, сондай-ақ шақырылған тұлғалардың)	0
Жол журу	
Тұру	
Тәулікақы	
Жанар-жағармай материалдары	
Іске асыру шығындары	0
Қосалқы мердігерлік жұмыстар (шығындар жиынтығында орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің екінші бір көлемінен аспауы тиіс)	
Сарапшыларды жұмысқа тарту	
Полиграфиялық шығындар (бланкілік өнімдерді: сауалнамаларды, маршруттық параптарды, карточкаларды, есептерді, тест тапсырмаларын тираждау, құжаттарды түптеу, тігу және өндізу)	
Жүргізілген зерттеулер бойынша материалдарды жариялауға арналған шығындар	

Консультанттардың қызметтері (азаматтық-құқықтық сипаттағы) (дизайнерлік, версталдық, медициналық, мұрағаттық)	
Авторлық және сабактас құқықтар бойынша шығындар (зияткерлік меншікке авторлық және лицензиялық құқықтарды сатып алу)	
Аударма қызметтері	
Негізгі құралдар мен материалдық өмес активтерді сатып алу (зерттеу жүргізу үшін)	0
Тауарлы-материалдық корларды (оның ішінде жанар-жағармай материалдарын) сатып алу	0
Жалға алу	0
Гимараттар мен құрылыштар	
Транспорттық құралдар	
Конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуге арналған гимараттар	
Коммуналдық қызметтер	0
Жылу энергиясы	
Электр куаты	
Сүмен жабдықтау және су бұру	
Қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару	
Құрылыш қалдықтарын қәдеге жарату	
Байланыс қызметтері	0
Қалааралық, халықаралық, ұялы	
Абоненттік төлем	
Интернет қызметтері	
Пошта қызметтері	
Курьерлік қызметтер	
Хостинг пен домен	
Интернет-ресурстарды әзірлеу және сүйемелдеу	
Акпараттық жүйелерді әзірлеу бойынша шығындар, техникалық сүйемелдеу және техникалық қолдау	
Ақпараттық қызметтер (акпараттық мәліметтер базасына қол жеткізу және жазылу)	
Ондірістік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру, форумдар мен конференцияларға қатысу	
Сақтандыру, оның ішінде: шетелдік іссапарлар кезіндегі өмірді сақтандыру	
Өкілдік шығындар	
Жанама шығындар	
Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің еңбегіне акы төлеу	0
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	0

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	0
Тауарлы-материалдық қорларды, материалдық емес активтерді сатып алу, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты шығыстар	0
Жанар-жағармай материалдарын сатып алу	0
Коммуналдық қызметтер	0
Жылу энергиясы	
Электр қуаты	
Сүмен жабдықтау және су бұру	
Қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару	
Құрылым қалдықтарын кәдеге жарату	
Байланыс қызметтері	0
Калааралық, халықаралық, ұялы	
Абоненттік төлем	
Интернет қызметтері	
Пошта қызметтері	
Курьерлік қызметтер	
Хостинг пен домен	
Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің іссапар шығындары	0
Жол журу	
Тұрғын үй-жайды жалдау	
Тәулікақы	
Жанар-жағармай материалдары	
Мердігерлерден алынған жұмыстар (көрсетілетін қызметтер)	0
Фимаратты күтіп-ұстауга арналған шығындар	
Құзет қызметтері	
Орт қауіпсіздігі	
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге қызмет көрсету және жөндеу	0
Негізгі құралдарға (жабдықтарға, көлік құралдарына ) қызмет көрсету және жөндеу	
Материалдық емес активтерге қызмет көрсету	
Консультациялық қызметтер	0
Аудиторлық қызметтер	
Менеджмент жүйелеріне аудит / сертификаттау жүргізу жөніндегі қызметтер	
Орт қауіпсіздігі саласындағы аудит	
Зандық (нотариаттық) қызметтер	
Консалтингтік қызметтер	

Акпараттық қызметтер	
Полиграфиялық қызметтер	
Банктік қызметтер	0
Сақтандыру бойынша қызметтер	0
Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру	
Автокөлік иесінің АҚЖ міндетті сақтандыру	
Келісімшартты ерікті сақтандыру	
Әкімшілік қызметкерлерінің біліктілігін арттыру	0
Тәуелсіз директорларға сыйакы беру, басшы атқарушы органның, ішкі аудит қызметінің және корпоративтік хатшының есепті кезең қорытындылары бойынша сыйакы беру	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК